


Түркістан облысы әкімдігінің

«2023 жылғы
қаулысымен бекітілген
- қосымша



**Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің
«Қалаубек Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназия»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
ЖАРҒЫСЫ**

1-тарау. Жалпы ережелер


1. Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Қалаубек Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мекеме) білім функцияларын жүзеге асыру үшін мекеме ұйымдық құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес мекеме болып табылады.
2. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Түркістан облысы әкімдігі болып табылады (бұдан әрі - Құрылтайшы).
3. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ оған байланысты мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімі (әрі қарай – Уәкілетті орган) болып табылады.
4. Мемлекеттік мекеменің атауы: Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Қалаубек Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
5. Мемлекеттік мекеменің тұрған жері: индекс 160300.Республика Казахстан Туркестанская область, Казыгуртский район, сельский округ Казыгурт, село Казыгурт, улица Абдалиева здание №76.

2-тарау. Мемлекеттік мекеменің заңдық мәртебесі

6. Мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.
7. Мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда.
8. Мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе облыстық бюджет қаражатымен субсидиялық жауапты болады.

3-тарау. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні мен мақсаттары

9. Мемлекеттік мекеме қызметінің мәні: білім алушылардың бейімділігі мен қабілеттеріне сәйкес қоғамдық-гуманитарлық және басқа бағыттар бойынша кеңейтілген және тереңдетілген білім беруді қамтамасыз ететін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін және қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын оқу орны.
10. Мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты: бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беру бағдарламаларын және білім алушыларға тереңдетіп, бейіндетіп, саралап оқытуды қарастыратын, сондай-ақ қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын сапалы меңгеруі үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.
11. Мемлекеттік мекеме мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге



асырады:

- 1) кәсіптік білім бағдарламасын итеруге және тандауға дайын, қоғамдағы өмірге бейімделген, мәдениеті жоғары интеллектуалды тұлғаны қалыптастыру;
- 2) оқуға қабылетті, дарынды білім алушыларды анықтау;
- 3) гимназия және лицей сынып білім алушыларын білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарт деңгейін арттыру арқылы оқыту;
- 4) оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын қолдану негізінде білім алушылардың өзіндік танымдық қызмет және шығармашылық қабілет дағдыларын дамыту;
- 5) шығармашылық әлеуетін арттыруға қолайлы жағдайлар жасау;
- 6) жалпы білім беру процесінде алдыңғы катардағы шетелдік және отандық педагогикалық тәжірибені пайдалану, педагогтардың кәсіби күзіндеттілігі мен шығармашылығын арттыру.

12. Мемлекеттік мекемеге осы жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мамілілер жасауға тыйым салынады.

13. Мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мамілі, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық бұйрығын бұза отырып, жасалған маміліе Уәкілетті органның немесе прокуратурасы тарабы бұйынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Мемлекеттік мекемені басқару

14. Мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Уәкілетті орган жүзеге асырады.

15. Уәкілетті орган қолданыстағы заңнамаларда бекітілген ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) мемлекеттік мекемеге мүлкі бекітіп береді;
- 2) мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдер қабылдау тәртібін анықтайды;
- 5) мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттерін мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 6) мемлекеттік мекеменің құрылымы мен шекті штаттық санын бекітеді;
- 7) мемлекеттік мекеме басшысының ұсынатын бұйынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымында татайындайды және лауазымынан босатады;
- 8) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 9) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлкі алып қоюға немесе қайта бөлуге жазбаша келісімін береді;
- 10) осы жарғының және Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

16. Мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген тәртіппен лауазымында татайындайды және қызметтен босатылады.

17. Мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басшылық етеді, Уәкілетті органға тікелей бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттер мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

18. Мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық қатынасты бойынша әрекет етеді және мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы жарғыда айқындалатын өз құзыретіне сайкес дербес шешеді.

19. Мемлекеттік мекеме басшысының мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке әкеледі.

20. Мемлекеттік мекеменің қызметі жүзеге асыруы барысында мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында бекітілген тәртіппен.

- 1) мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, басқа да ұйымдарда мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тағылымдамаға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін жоғарылатудың өзге де түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) Уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерді қоспағанда, мемлекеттік мекеменің қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көтермелеу және жазалау шараларын қолданады;
- 10) өз орынбасарының (орынбасарларының) және мемлекеттік мекеменің өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктер аясын айқындайды;
- 11) оған Қазақстан Республикасы заңнамасымен, осы жарғымен және Уәкілетті органмен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5-тарау. Білім беру бағдарламаларының тізбесі

21. Білім беру процесінің мақсаты мыналар болып табылады: қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және дене дамуының жоғары деңгейіне қол жеткізу үшін тоқтаусыз тәрбиелеу мен оқыту процесі;

22. Мемлекеттік мекеме жалпы орта білім беретін 1-11(12) сыныптар базасында келесі құрылым бойынша ұйымдастырылады:

1) бастауыш білім беру деңгейі (бастауыш мектептің 1-4 сыныптары) оқу қызметінің негізгі дағдысы мен машығын, теориялық ойлау элементтерін, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі түзету дағдысын меңгеруді қамтамасыз етеді, сондай-ақ баланың жеке қабілетін анықтауға бағытталған;

2) негізгі орта білім беру деңгейі (негізгі мектептің 5-9 (10) сыныптары) базалық дайындықпен қатар оқушының бейіналды дайындығын қамтамасыз ететін негізгі мектептің негізгі және қосымша жалпы білім беру бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушы тұлғасының қалыптасуын қамтамасыз етеді. Осы сатыда ішкі және сыртқы дифференциация негізінде оқушының базалық дайындығының аяқталуын қамтамасыз етеді;

3) жалпы орта білім беру деңгейі (жоғары мектептің 10-11(12) сыныптары) оқытудың бейіндік бағдарламаларын меңгеру негізінде оқушының жалпы орта білім беру дайындығын аяқтауды қамтамасыз етеді.

Гимназияның негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі ұйымдары дербес білім беру мекемелері ретінде жұмыс істей алады.

23. Гимназиялар (гуманитарлық, лингвистикалық, эстетикалық бейіндегі, көп бейінді) жоғары білікті педагогтер, қажетті ғылыми-әдістемелік, оқу, материалдық жағдайлар болған жағдайда дербес, жалпы білім беретін мектептердің құрамында немесе тиісті бейіндегі жоғары оқу орындарының жанында құрылады.

24. Гимназия Жарғысын гимназия кеңесі (педагогикалық кеңес) қабылдайды және жергілікті атқарушы биліктің білім беруді басқару органдары бекітеді.

25. Гимназия базасында ғылыми-әдістемелік ұсынымдарға, жаңа үлгідегі оқу-тәрбие мекемелерінің модельдеріне, оқу қызметін ұйымдастырудың құрылымдары, мазмұны мен нысандарына тәжірибелік тексеру жүзеге асырылады.

26. Мемлекеттік мекеме тіршілік ету, оқу және тәрбиелеу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз ету, мемлекеттік көмек пен қолдауға мұқтаж балалардың жалпы орта білім алудың білім беру бағдарламаларын игеру үшін жағдайлар жасайды.

27. Мемлекеттік мекеме жазғы мерзімде өз базасында лагерлер мен демалыс базаларын, лагерлерді, сондай-ақ балалардың тұрғылықты жерлерінде балалардың тұрақты немесе ауыспалы



топтарымен әртүрлі бірлестіктер құра алады.

6-тарау. Мекемеге қабылдау тәртібі

28. Мемлекеттік мекемеде білім алушылардың қатарына қабылдау білім беру мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

29. Бастауыш сыныпқа дайындық деңгейіне қарамастан, мемлекеттік мекеме қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

30. Баланың ата-аналары немесе өзге заңды өкілдері келесі құжаттар тізбесін ұсынады:

31. «Электрондық үкімет» веб – порталы (бұдан әрі – Портал) Порталға:

1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 564 бұйрығымен бекітілген 1-қосымшасының нысанына сәйкес өтініш;

2) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ- 75/2020 бұйрығымен бекітілген № 065/у нысанды денсаулық жағдайы туралы анықтама және «Бала денсаулығы паспорты» 026/у-3 есеп нысаны, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бұйрығымен бекітілген № 026/у-3 нысан денсаулық жағдайы туралы анықтама;

3) баланың 3х4 см өлшеміндегі цифрлық фотосуреті.

Қызмет берушіге қағаз жүзінде:

1) ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген 1-қосымшасының нысанына сәйкес өтініш;

2) жеке басын растайтын құжаттың түпнұсқасы (түпнұсқасы сәйкестендіру үшін қажет, ол көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады);

3) денсаулық жағдайы туралы анықтама «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген № 065/у нысанды денсаулық жағдайы туралы анықтама және «Бала денсаулығы паспорты» 026/у-3 есеп нысанын толтыру және жүргізу жөніндегі «Нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2003 жылғы 24 маусымдағы № 469 бұйрығымен бекітілген № 026/у-3 нысан денсаулық жағдайы туралы анықтама;

4) баланың 2 данада 3х4 см өлшеміндегі фотосуреті.

Шетелдік және азаматтығы жоқ көрсетілетін қызметті алушылар өздерінің мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы белгісі бар мынадай құжаттардың бірін ұсынады:

- 1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;
- 2) азаматтығы жоқ адам – азаматтығы жоқ адамның жеке куәлігі;
- 3) босқын – босқын куәлігі;
- 4) пана іздеуші – пана іздеуші адамның куәлігі;
- 5) қандас – қандас куәлігі.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, баланың туу туралы куәлігі, мекенжай анықтамасы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» порталы арқылы алады. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, дөтенше жағдай енгізілген,

ТЕКСЕРІЛДІ

белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда № 065/у и 026/у-3 нысандағы медициналық анықтамаларды көрсетілетін қызметті алушылар осы аумақта шектеу іс-шараларын алып тастауға, төтенше жағдайдың қолданысын тоқтатуға қарай тікелей білім беру ұйымдарына ұсынады.

32. Құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың 1 сәуірінен бастап 1 тамызына дейін жүзеге асырылады.

33. Бірінші сыныпқа қабылдау туралы бұйрықты ағымдағы жылдың 25 тамызынан кешіктірілмей шығарылады.

34. Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген 2-қосымшаға сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес каникул кезеңінде (сот шешімін, басқа елді мекенге көшуді, Қазақстан Республикасынан тұрақты тұруға кетуді қоспағанда) портал арқылы жүзеге асырылады.

35. Екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы сыныптарына қабылдау Мемлекеттік мекеменің қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып жүзеге асырылады.

36. Оныншы, он бірінші (он екінші) сыныптарына білім алушыларды қабылдау Мемлекеттік мекеменің қызмет көрсету аумағында тұратын білім алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып және білім алушының жеке өтінішінің не олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің өтінішінің және негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде жүзеге асырылады.

Өтініштер күнтізбелік жылдың 15 тамызға дейін қабылданады.

7-тарау. Білім беру ұйымынан білім алушылар мен тәрбиеленушілерді шығару негіздері және тәртібі

37. Мемлекеттік жалпы білім беретін оқу орындарынан 16 жасқа дейінгі балаларды ерекше жағдайларда білім беруді басқару органдарының шешімі бойынша, заңға қайшы әрекеттер жасағандығы, білім беру ұйымының жарғысын өрескел және бірнеше рет бұзғандығы үшін оқудан шығаруға жол беріледі.

38. Кәмелетке толмаған оқушылардың ата-аналары мен өзге де заңды өкілдеріне білім беру ұйымдарынан балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайлары туралы ақпарат алу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

8-тарау. Білім беру ұйымының білім алушылармен, тәрбиеленушілермен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын ресімдеу тәртібі

39. Мемлекеттік мекеме мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынастар білім алушыларды мемлекеттік мекемеге қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі.

9-тарау. Білім беру процесін ұйымдастыру (оның ішінде оқыту және тәрбиелеу тілі (тілдері), білім алушылардың, сабақ режимі)

40. Мемлекеттік мекеменің оқу-тәрбие қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде әзірленген оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекеме мемлекеттік стандартқа сәйкес мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін білу мен дамытуды, сондай-ақ орыс тілін және бір шет тілін оқып-үйренуді Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге

ТЕКСЕРІЛДІ

асырылуын қамтамасыз етеді.

Білім беру бағдарламаларын меңгеруі бітірушілерді міндетті мемлекеттік қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

41. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпы міндетті стандарттар, оқу жоспарлары мен денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсыныстары негізінде әзірленген мекеме бекітетін ережелермен айқындалады.

42. Мемлекеттік мекеме білім алушыларды аралық аттестаттаудың нысандарың, тәртібін және мерзімділігін таңдауда дербес болады.

43. Мемлекеттік мекемеде тәртіп білім алушылардың, педагогтардың адамдық қадір-қасиетін өзара құрметтеу негізінде сақталады.

44. Білім алушыларға қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдауға жол берілмейді.

45. Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары және өзге де заңды өкілдеріне білім беру процесінің барысымен және мазмұнымен, сондай-ақ білім алушылардың үлгерім бағаларымен танысу мүмкіндігі қамтамасыз етіледі.

46. Мемлекеттік мекемедегі тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың, тәрбиеленушілердің патриоттық, азаматтық, интернационалдық, жоғары моральдық және имандылық сезімін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталуға тиіс.

47. Мемлекеттік мекемеде нәсілдік, этностық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен айырықшалықты насихаттауға, милитаристік және де халықаралық құқық пен ізгіліктің жалпыға танылған принциптеріне қайшы келетін өзге де идеяларды насихаттауға тыйым салынады.

48. Әскери шақырылуға дейінгі жастардың әскери даярлығы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

10- тарау. Білімді ағымдағы бақылау, білім алушыларды аралық аттестаттау жүйесі, оларды өткізудің нысандары мен тәртібі

49. Мемлекеттік мекемедегі оқу-тәртіп жұмыстарын ұйымдастыру, басшылық және бақылау қызметтік нұсқаулармен, өндірістік жоспар негізінде жүргізіледі.

50. Мемлекеттік жалпы міндетті стандартты қамтамасыз ету, педагогтардың жұмысын ұйымдастыру, басқаруды Педагогикалық Кеңес жүргізеді.

51. Мемлекеттік Мекемеде оқушыларды аттестациялаудың уақыты мен тәртібі Қазақстан Республикасы Білім Министрлігі белгілейтін тәртіппен жүргізіледі.

11- тарау. Ақылы қызмет көрсетудің тізбесі мен тәртібі

52. Мемлекеттік мекеме білім берудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарынан тыс ақылы негізде мынадай:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын (балалар және жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы бейімдері мен қызығушылықтарды дамыту, мамандардың біліктілігін арттыру) іске асыру;


2) оқу жоспары мен бағдарламалар бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша жекелеген білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;

3) пәндер (сабақтар және сабақтардың циклдері) бойынша білім алушылармен ғылым негіздерін терендетіп оқып үйренуді ұйымдастыру;

4) әр түрлі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу: білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар, сондай-ақ оқу-әдістемелік әдебиетті әзірлеу мен өткізу;

5) музыка аспаптарын пайдалануға беру және Интернет-байланыстың қосымша қызметтерін ұсыну;

6) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім беру ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету;



7) оқу-өндірістік шеберханалардың, оқу шаруашылықтарының, оқу-тәжірибе учаскелерінің өнімдерін өндіру мен өткізуді ұйымдастыру бойынша тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) ұсына алады.

53. Мекеме аумағында (үй-жайында) арнайы тағайындалған жерде мынадай ақпаратты орналастырады:

1) мемлекеттік мекеме көрсететін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерінің тізбесі;

2) заңнамада белгіленген тәртіппен бекітілген ұсынылатын тауарларға (жұмыстарға, қызметтерге) арналған бағалар прейскуранты;

3) үлгілік шарт нысаны.

54. Ақылы білім беру қызметтері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының негізінде әзірленген және Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы белгілеген тәртіппен Уәкілетті органмен келісілген жұмыс оқу жоспарлары (бағдарламалары) бойынша ұсынылады.

Білім алушыларға және (немесе) тәрбиеленушілерге ақылы білім беру қызметтері ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің тілегі бойынша жеке кесте бойынша ұсынылады.

55. Мемлекеттік мекеме және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары шартпен реттеледі.

Интернет-байланыстың қосымша қызметтері түбіртек (шот-фактура) төлеу жолымен шарт жасаспай-ақ ұсынылуы мүмкін.

56. Білім алушы шарт жасасу сәтінде бүкіл оқу кезеңі үшін бір мезгілде ақы төлеген жағдайда төлем сомасы оқу мерзімі аяқталғанға дейін өзгермейтін болады.

Оқуға төлемді кезең-кезеңімен төлеген кезде төлем сомасы жалақы ұлғайтылған жағдайда және инфляция индексі ескеріле отырып, жылына бір реттен асырылмай ұлғайту жағына өзгертілуі мүмкін.

57. Мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсеткені үшін қолма-қол ақша алу қассалық кіріс ордерлерінің негізінде міндетті түрде бақылау-қассалық машиналарды қолдана отырып тараптардың қол жеткізген уағдаластықтары негізінде жүргізіледі.

58. 42 тармақта көзделмеген тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсетуге рұқсат етілмейді.

Ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден түсетін қаражатқа салық салу тәртібі және салықтар мен алымдар бойынша жеңілдіктер беру Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен реттеледі.

59. Мемлекеттік мекеменің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсетуінен түсетін қаражат мемлекеттік білім беру мекемесінің тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) өткізуден түсетін ақша түсімдері мен шығыстарының жоспарлары бойынша жоспарланады және пайдаланылады.

12-тарау. Мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

60. Мемлекеттік мекеме мүлкін құны оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

1) оған меншік иесі берген мүлік;

2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);


3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржық өздері себінен құрылады.

61. Мемлекеттік мекеме дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета қаражаты бойынша мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге бөлінген құқығы жоқ.

62. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында қосымша қаржыландыру көзі белгіленбесе, мемлекеттік мекеменің қызметі тиісті жергілікті немесе республикалық бюджеттен қаржыландырады.

63. Мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

64. Мемлекеттік мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия жүзеге асырылады.



13-тарау. Мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

65. Мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

14-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

66. Мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар Құрылтайшының шешімі бойынша жүзеге асырылады, және «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңға сәйкес тіркеу органында тіркеледі.

15-тарау. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

67. Мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

68. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

69. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін Уәкілетті орган қайта бөледі.

70. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

16-тарау. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері туралы мәліметтер

71. Мемлекеттік мекеменің филиалдары мен өкілдіктері жоқ.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРҚАҒЫ
МИНИСТРЛІГІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

2023 ж. «19» 09 ЗАНДЫ

ТҮЛГАН А МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА
ТІРКЕУ ЖҮРГІЗІЛДІ

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі
000440001954

Тіркеу № 1031 - 1959 - К ММ

“ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРҚАҒЫ
МИНИСТРЛІГІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛАСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ” РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

НОМІРЛЕГЕНІ ТІГІЛГЕНІ ЖӘНЕ
МӨР БАСЫЛҒАНЫ БАРЛЫҒЫ

ПАРАҚ

Ж. « »

